

Сандықтау ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау ауданды әкімдігінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № А-7/278 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының Эділет басқармасында 2012 жылғы 15 тамызда № 1-16-157 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі № А-4/88 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 22.04.2016 № А-4/88 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6)-тармақшаларына сәйкес, жұмыс іздеуде қыншылық тартып жүрген, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды өлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 20.09.2013 № А-9/302 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Сандықтау ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сандықтау ауданы әкімінің орынбасары В.Г. Горохводацкийге жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Эділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күнінен бастап құшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі

K. Сүйіндіков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК